

С.А.Балтабаев

ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
(E-mail: baltabaev.sabyrgali@mail.ru)

Қазақстан Республикасында шетелдіктердің бала асырап алуының кейбір мәселелері

Мақалада автор Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының бала асырап алуының құқықтық тетігін қарастырған, сондай-ақ асырап алынған қазақстандық балалардың шетел отбасыларындағы құқықтарының қорғалуына бақылау жасау мәселелерін зерттеген.

Кілт сөздер: бала, жетімдер, бала құқықтарын қорғау, бала асырап алу, шетелдік бала асырап алу, балаларға қарсы зорлық-зомбылық.

Бүгінгі таңда балалар құқығын қорғау саласындағы маңызды мәселелердің бірі бала асырап алу проблемасы болып табылады. Бұл халықаралық бала асырап алу институтының пайда болуымен байланысты. Мұның себебі халықаралық бала асырап алу институты ерекше құқықтық реттеуді талап етеді.

Халықаралық бала асырап алу институты әлемдік тәжірибеге өткен ғасырдың орта тұсынан ене бастады. Біршама уақыт өткеннен соң шетелдіктердің бала асырап алуы үйреншікті іске айналды. Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-да бала туу көрсеткішінің төмендеуі және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі экономикалық жағдайдың нашарлауы сияқты бірқатар теріс факторлар XX ғ. соңы мен XXI ғ. басында әлемде халықаралық бала асырап алу құбылысының кең таралуына себепші болды [1].

Қазақстанда халықаралық бала асырап алу 1999 жылдан бастап тұрақты тәжірибеге айналды. 1999 жылы шетелдіктер 196 баланы асырап алса, 2002 жылы бұл көрсеткіш 883 балаға жетті, 2005 жылы 1022 бала шетелге қоныс аударды. Елімізге бала асырап алуға АҚШ азаматтары жиірек келеді..., одан кейін бала асырап алушы елдер тізімінде Ирландия, Канада, Бельгия, Оңтүстік Африка Республикасы, Израиль және Франция тұр [2].

«Халықаралық бала асырап алу» ұғымына сипаттама беру үшін алдымен құқық ғылымында қолданылатын «бала асырап алу» ұғымына талдау жасау керек. Бала асырап алу (қыз баланы асырап алу) — асырап алынған бала мен оны тәрбиелеуге алған тұлға немесе тұлғалар арасында ата-ана мен бала арасында орын алатын жеке және мүлктік қатынастарды орнататын құқықтық акт.

«Халықаралық бала асырап алу» термині шартты сипатқа ие, мұнда асырап алушы мен асырауға алынушы тұлғалар түрлі мемлекеттердің азаматы болып табылады немесе бала асырап алу фактісі шетелде орын алады [3].

Шетелдік элементтің қатысуымен күрделене түсетін мұндай отбасы құқықтық қатынастар осы сала бойынша бірнеше мемлекеттің құқықтық тәртібімен байланыс орнататын халықаралық жеке құқық нормаларымен реттеледі. Егер бала асырап алушы мен асырап алынушы тұлғалар түрлі мемлекеттердің азаматтары болып табылса немесе бала асырап алу фактісі шетелде орын алса және шетел мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылса, «халықаралық» немесе «шетелдік бала асырап алу» ұғымы қолданылады.

«Шетелдік бала асырап алу» ұғымы 1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданған «Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы» Конвенциясында (әрі қарай — Гаага конвенциясы) қолданылды. Қазақстан Республикасы осы Конвенцияға 2010 жылғы 12 наурызда қосылған болатын [4].

Қазақстан Республикасының отбасы және неке заңнамасында «халықаралық» немесе «шетелдік бала асырап алу» арнайы термині қолданылмайды. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексінің (әрі қарай — ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі) 1-бабының 9-тармағында жалпы «бала асырап алу» ұғымының анықтамасы берілген. Соған сәйкес «бала асырап алу» дегеніміз нәтижесінде шығу тегі бойынша туыстарының құқықтары мен міндеттеріне теңестірілетін жеке мүлктік емес және мүлктік құқықтар мен міндеттер туындайтын сот шешімі негізінде баланы (балаларды) отбасына тәрбиелеуге берудің құқықтық нысаны болып табылады.

Сондай-ақ ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінде асырап алуға жататын балаларға қатысты ережелер бекітілген. Кодекстің 84-бабының 2-бөліміне сәйкес жалғыз ата-анасы немесе екеуі де:

- 1) қайтыс болған;
- 2) баладан бас тартқан;
- 3) ата-ана құқықтарынан айрылған және олар қалпына келтірілмеген;
- 4) баланы асырап алуға келісім берген;
- 5) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз, хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған;
- 6) белгісіз болған жағдайда, балалар асырап алуға жатады.

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінде бала асырап алуына тыйым салынатын тұлғалардың тізімі де бекітілген. Олардың ішінде сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар; сот біреуін әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған ерлі-зайыптылар; сот ата-ана құқықтарынан айырған немесе сот ата-ана құқықтарын шектеген адамдар; өзіне ҚР-ның заңдарында жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілген адамдар; егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушылар; денсаулық жағдайына байланысты ата-ана құқықтарын жүзеге асыра алмайтын адамдар; тұрақты тұрғылықты жері жоқ адамдар; дәстүрлі емес жыныстық бағдар ұстанатын адамдар; бала асырап алу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адамдар; азаматтығы жоқ адамдар; анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқықтарынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) еркек жынысты адамдар; асырап алған кезде асырап алынған баланы ҚР-ның заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысы жоқ адамдар; наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұратын адамдар бар.

Қазақстан Республикасында шетелдіктердің бала асырап алуын рұқсат ететін нормалар Кодекстің 84-бабында бекітілген. Онда: «Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың орталықтандырылған есебінде тұрған, егер туыстары, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары баланы асырап алуы мүмкін болмаса ғана, шетелдіктердің асырап алуына берілуі мүмкін», — деп көрсетілген.

ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінде Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алуда шетел мемлекеттерінің азаматтарының алдында басымдығы бекітілген. Мұндай норма ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 84-бабының 4-тармағында көзделген. Сонымен қатар ҚР азаматтары үшін бала асырап алу үдерісі жеңілдетілген: бала асырап алуға тілек білдірген азамат тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық органына өтініш, тұлғаны куәландыратын, отбасы жағдайы туралы құжаттарды, денсаулық жағдайы туралы, соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар, жақын туыстарының келісімі, тұрғын үйінің болуы, жалпы табыстары туралы анықтамаларды тапсырады. Қорғаншылық органдары тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын зерттегеннен кейін бала асырап алуға үміткер болуы немесе болмауы туралы қорытынды беріледі. Баланы таңдағаннан кейін екі апта бойы үміткерлер онымен араласуы керек, балаға бауыр басқаннан кейін ғана сотқа құжаттар тапсырылады. Бала асырап алу туралы соңғы шешімді сот қабылдайды.

Ал шетелдіктердің бала асырап алуы туралы істерді қараған кезде сот азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, баланың туыстарының не Қазақстан Республикасы азаматтарының осы баланы бірінші кезекте асырап алу құқығын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органының іске асырғанын анықтауға міндетті.

«Шетелдіктердің бала асырап алуына балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында Қазақстан Республикасымен тең мәнді халықаралық міндеттемелері бар елдердің азаматтарына ғана рұқсат етіледі» [5].

Қазіргі таңда шетелдіктердің бала асырап алуының келесідей тәртібі қалыптастырылған. Шетелдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссиялары қазақстандық балаларды асырап алғысы келетін шетел азаматтарын есепке алады, содан кейін аккредиттелген агенттіктер өз филиалдары арқылы шетелдіктердің досыелерін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитетіне жолдайды, осында бала асырап алғысы келетіндердің тұлғасы, олардың қандай баланы асырап алғысы келетіні қаралады және нақты бір балаға қандай отбасы

сәйкес келетіні сараланады. Содан кейін нақты бір баланың құжаттары оларға таныстыруға жіберіледі.

Егер олар Қазақстанға келетін болса, ата-ананың екеуі де бір ай бойы арнайы келген баламен ғана араласа алады. Мұнда араласу үрдісіне бақылау жасалады, барлығы жетімдер үйінің арнайы журналында бекітіледі.

Шетелдіктердің бала асырап алуы елімізде өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл мәселеге келгенде қоғам екі топқа бөлініп отыр, олар шетелдіктердің бала асырап алуын жақтаушылар және оған қарсылық білдірушілер.

Шетелдіктердің бала асырап алуын жақтаушылар қазақстандық жетім балалардың лайықты болашаққа қол жеткізуін, олардың шетелде сапалы білім алуын, денсаулығы нашар балалардың тиісті медициналық көмек алуын алға тартады. Мысалы, «Милосердие» ерікті қоғамы» қайырымдылық қорының директоры А. Саин шетелдіктердің қазақстандық жетім балаларды асырап алуына тыйым салуына қарсылық білдіреді: «Шетелдік асырап алуға тыйым салуға мүлдем жол беруге болмайды, себебі егер ол заңды түрде жүргізілсе, денсаулығында ақау бар балалар шетелде тиісті ем алуға мүмкіндік алады» [6].

Ал шетелдіктердің қазақстандық балаларды асырап алуына қарсылық білдірушілер асырап алынып, басқа мемлекетке қоныс аударған балалардың тағдырына алаңдаушылық білдіреді.

Ата-ананың қамқорлығынсыз қалған және Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде өмір сүретін отбасыларға асырауға берілетін балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау халықаралық бала асырап алу үдерісіне мұқият қадағалау жүргізуді талап етеді. Халықаралық бала асырап алуды құқықтық реттеудегі бұрын орын алған кемшіліктер балалар құқықтарын бұзуға жол беріп отырды, балалар іс жүзінде коммерциялық қызметтің объектісіне айналды.

Мұнымен қоса, соңғы жылдары шетелдіктердің қазақстандық асырап алынған балалардың жағдайына бақылау жүргізу жұмысы бойынша біраз қиындықтар бар. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры А. Дауылбаевтың айтуынша, асырап алған жаңа отбасыларда асырап алынған балалардың өмір сүру, оқу, тәрбиелену және денсаулық жағдайларына бақылауды қамтамасыз ету көкейкесті мәселеге айналды.

Соңғы 15 жылдың ішінде Қазақстанда 50 мыңға жуық бала асырап алынған. Осындайда әрбір бесінші баланы шетелдіктер асырап алып, басқа мемлекетке алып кеткен. Ол біздің 9 мыңға жуық қазақстандық балаларымыз. Осындайда балаларды асырап алған отбасылардағы балалардың өмір жағдайларына бақылау орнату жөніндегі жұмыс сәтсіздікке ұшырады.

Асырап алушылар өз есептерін уақытылы тапсырмайтындыққа байланысты 3,5 мың асырап алынған балалардың өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары туралы ақпарат жоқ.

Нәтижесінде бүгінгі күні бізде шетел азаматтарына асырау мақсатымен берілген 673 қазақстандық балалардың қайда жүргендігі туралы еш мәлімет жоқ [7].

Мұндай алаңдаушылық білдіруге толық негіз бар. Мәселен, 2013 жылы Қазақстаннан бала асырап алған АҚШ елінің азаматтары ерлі-зайыпты Джозеф және Линда Мэйотт кәмелетке толмаған өгей балаларына қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттер жасағандары үшін қылмыстық жазаға тартылды [8]. Сондай-ақ 2012 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында Голливуд актері Майкл Дугластың бұрынғы әйелі Диандра Дугластың Қазақстаннан асырап алған қызы Имараға қатысты дұрыс тәрбие бермейтіні туралы ақпарат тарады [9].

Осындай жағдайлар қоғамда шетелдіктердің қазақстандық бала асырап алуы бойынша кері пікір қалыптастыратыны анық. Сондықтан шетелге қоныс аударған жетім балалардың жат мемлекетте құқықтарының қорғалуына бақылау жасау еліміз үшін аса маңызды міндет болып отыр.

Балаларға қамқорлық еліміздің мемлекеттік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар — балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһандандудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет. Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі, және олар құқықсыз болуға тиіс емес» [10], — деп атап айтты.

Стратегияда еліміздің Президенті әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттарын айқындап, балалықты қорғауды елдің дамуының таяу жылдарға арналған маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгілеп берді және мемлекеттік органдардың оны іске асыру жөніндегі қызметінің негізгі басымдықтарын айқындады. Мемлекеттік әлеуметтік саясат Қазақстан Республикасы

Конституциясының нормаларына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік тұрғыдан баланың толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014–2020 жылдарға арналған тұжырымдамасының 8-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы сыртқы саясаттың гуманитарлық өлшемін дамытуға басым мән береді. Осыған байланысты Қазақстан шетелдерде болатын Қазақстан азаматтарының, сондай-ақ шетелдіктер асырап алған, шет елдерде тұратын қазақстандық балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жұмысын күшейтеді [11].

Қазақстан аумағында нормалары қолданыстағы бала құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы аса маңызды халықаралық құжаттарға Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі конвенция [12] және Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенция жатады.

Шетелдік азаматтар асырап алған қазақстандық балалардың құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауда 1993 жылғы 29 мамырда Гаагада қабылданған Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялаудың [4] маңызы ерекше болды. Оның 2010 жылы 1 қарашада заңды күшіне енуінен кейін республикамыздың балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінде құзыреті арта түсті, себебі құжат балаларды қабылдайтын мемлекеттерге жауапкершілік жүктейді және баланың одан арғы тағдырын бақылауға мүмкіндік береді. Конвенцияның елімізде кеш ратификациянуының себептері АҚШ тарапының аталмыш конвенцияны ратификациялауын күтуімен байланысты болды, себебі қазақстандық жетім балаларды АҚШ елінің азаматтары көбірек асырап алады.

Гаага конвенциясында БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясының бала асырап алуға қатысты баланың құқықтары жөніндегі ережелері нақтылана түсті және мұндай бала асырап алудың бірқатар жаңа ережелері бекітілді, мысалы, бала асырап алуды тану (23–26 б.) және оның құқықтық салдары (2-баптың 2-т., 26, 27-б.), Конвенцияға сәйкес жиналған және табысталған жеке мәліметтерді тек тиісті мақсатта пайдалану туралы (30 және 31-б.) және т.б. Конвенция нормаларының қатысушы-мемлекеттің ұлттық заңнамасымен (28-б.) және халықаралық шарттармен (39-б.) қатынасы жөніндегі, өз аумағында екі және одан да көп құқық жүйесі бар мемлекеттердің Конвенцияны қолдану жөніндегі ережелері (6, 36–38-б.) ерекше маңызға ие.

Конвенцияны ратификациялағаннан кейінгі маңызды жаңашылдықтардың ішінде бала асырап алу бойынша агенттіктерді аккредитациялау үдерісі болып табылады (бұл халықаралық тәжірибеде бар). Аккредиттелген агенттіктердің шетелдіктер асырап алған қазақстандық балалардың өмір сүруі, тәрбиесі, денсаулық жағдайы жөнінде есептерді уақытылы тапсырмағаны үшін жауапкершілік шегі анықталды. Осы туралы нормалар ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексінің 114-бабының 4-бөлімінде қарастырылады.

Бұрын шетел азаматтарының мүдделерін көбіне кездейсоқ адамдар білдіріп келген болатын, олардың қызметтері біздің заңнамамен реттелмейтін, бейберекет сипатта болатын және әр түрлі теріс пайдаланушылыққа жол беретін. Мұндай «дербес асырап алу» тәжірибесі Гаага конвенциясында көзделген қауіпсіздік шаралары жүйесіне сәйкес келмейді. Мұндай теріс жағдайларды жою үшін, бала асырап алу үдерісінің тазалығы мақсатында агенттіктерді аккредитациялаудың арнайы ережелері дайындалды.

Аккредитацияны енгізу «дербес асырап алуды» жоя отырып, шетелдік бала асырап алу үдерісінің тазалығын сақтауға, мүмкін болатын жемқорлық әрекеттерінен азат болуға, бала саудасы мен өзге де қиянатты әрекеттерді болдырмау мақсатында мемлекеттер арасында әріптестіктің мүлдем жаңа жүйесін қалыптастыруға жол ашады.

Гаага конвенциясы аясында АҚШ, Бельгия, Испания және Франция елдеріндегі контрсеріктестермен жедел ақпарат алмасу бойынша жұмыс топтарын құру туралы және бала құқықтарын бұзудың әрбір жағдайы бойынша құқықтық көмек көрсету туралы келісімге қол жеткізілді [13].

Аккредиттелген агенттіктер бала асырап алғаннан кейінгі есептерді тапсыруға міндетті. Агенттіктердің және олардың филиалдарының қызметіне ҚР Сыртқы істер министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитеті, сондай-ақ тиісті құқыққорғау органдары бақылау жасайды. Қандай да бір құқықбұзушылық жасаған жағдайда Қазақстан аумағында агенттік филиалының қызметі тоқтатылады. ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы

кодексінің 113-бабының 5-бөлімі бойынша Агенттіктің филиалдары және (немесе) өкілдіктері мынадай жағдайларда:

- 1) балаларды асырап алу жөніндегі қызметін агенттіктің құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырмаса;
- 2) агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтарды бір ай ішінде жоймаса;
- 3) агенттіктің филиалы және (немесе) өкілдігі қызметін тоқтату туралы өтініш берсе;
- 4) агенттікті аккредиттеу туралы шешімнің қолданылу мерзімі өтсе және аккредиттеу мерзімін жаңа мерзімге ұзарту мүмкін болмаса, өз қызметін тоқтатады.

Жоғарыда келтірілген құқықтық механизмдер шетелдіктердің қазақстандық балаларды асырап алғанынан кейін олардың (балалардың) қоныс аударған мемлекетте өмір сүруі жағдайына, денсаулығына, білім алуы мен тәрбиеленуі жағдайына халықаралық деңгейде бақылау жасауға мүмкіндіктер берді.

Соңғы жылдары ұлттық заңнамамыздың шетелдіктердің бала асырап алуы саласында болған өзгерістерден кейін шетел мемлекеттері азаматтарының қазақстандық балаларды асырап алу фактілері азайды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитеті соңғы мәліметтері бойынша, 2013 жылы шетелдіктер барлығы 66 қазақстандық баланы асырап алған. Асырап алушылар Испания, Италия, Бельгия, Германия, Канада және Швеция елдерінің азаматтары. Мақаламыздың басындағы 1999 жылдан бергі шетелдіктердің бала асырап алуы статистикасымен салыстырсақ, көрсеткіштер бірнеше есеге төмендеген. Бұл бірінші кезекте «дербес бала асырап алу» институтының жойылуымен, сондай-ақ шетелдік бала асырап алу істері бойынша қызмет ететін агенттіктерді аккредитациялау талаптарының күшеюімен байланысты. Сонымен қатар бұл жағдайға Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алу процедурасының жеңілдетілуі де ықпал етті. Аталмыш өзгерістер шетелдіктердің бала асырап алуы саласындағы үдерістердің тәртіпке түсірілгенін көрсетеді.

Дегенмен, шетелдіктер асырап алған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың халықаралық-құқықтық механизмдерін күшейту мақсатында:

- бала құқықтарын қорғау саласында халықаралық-құқықтық нормалар мен ұлттық заңаманы сәйкестендіру бойынша қызметті одан әрі жалғастыру керек;
- Қазақстан Республикасымен тең мәнді халықаралық міндеттемелері бар мемлекеттердің Прокуратура органдарымен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арасында халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты нығайту керек деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Звеков В.П.* Международное частное право: Курс лекций. — М.: Норма-Инфра, 2000. — С. 364.
- 2 *Айманова Н.* Международное усыновление. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/10959>
- 3 *Кашевский В.А.* Международное частное право: Учебник. — М.: Междунар. отношения, 2006. — С. 543.
- 4 Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы: Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздың № 253-IV Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_
- 5 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- 6 *Жұмәсұмина А.* Аружан Саин против запрета на усыновление казахстанских сирот иностранцами. — [ЭР]. Режим доступа: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/arujan-sain-protiv-zapreta-usynovlenie-kazahstanskih-sirot-250847/
- 7 Бас прокурор Асхат Дауылбаевтың жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығысыз қалған балаларды асырап алу мәселелері туралы алқа отырысындағы сөзі (Астана, 2014 жылғы 21 ақпан). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://prokuror.gov.kz/kaz/baspasoz/akparaty/bas-prokuror-ashat-daulbaevty-n-zhetim-balalardy-zhne-ata-analarnyn-kamkorlygysyz>
- 8 Семейная пара в США осуждена за насилие над детьми из Казахстана. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.nur.kz/282920.html>
- 9 Эке-супруга Майкла Дугласа показала удочеренную в Казахстане девочку. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.zakon.kz/4483343-jeks-supruga-majkla-duglasa-pokazala.html>
- 10 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/category/gos_programmi_razvitiya
- 11 Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014–2020 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 21 января 2014 года № 741. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.mfa.kz/index.php/ru/vneshnyaya-politika/kontsepsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg>

12 Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы Қаулысы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_

13 Правчас в Мажилисе: о реализации Концепции внешней политики Казахстана на 2014–2020 годы. — Астана, 16 февраля, Дом Мажилиса. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id24080/1/1>

С.А.Балтабаев

Некоторые проблемы усыновления детей иностранцами в Республике Казахстан

В статье автор рассматривает правовые механизмы усыновления детей иностранцами в Республике Казахстан. Проанализированы проблемы осуществления контроля за соблюдением и защитой прав усыновленных казахстанских детей в иностранных семьях.

S.A.Baltabayev

Some issues of adoption of children by foreigners in the Republic of Kazakhstan

In this article author considers legal mechanisms of adoption of children by foreigners in the Republic of Kazakhstan. The article also analyzes the issues of realization of control over supervision and protection of adopted Kazakhstani children's rights in foreign families.

References

- 1 Zvekov V.P. *The Private International Law. The course of lectures*, Moscow: Norma-Infra, 2000, p. 364.
- 2 Aymanova N. *The International Adoption*, [ER]. Access mode: <http://www.adilet.gov.kz/ru/node/10959>
- 3 Kashevski V.A. *The Private International Law: Textbook*, Moscow: Mezhdunarodnye otnosheniya, 2006, p. 543.
- 4 About ratification of the Convention on Protection of Children and Co-operation in Respect of the International Adoption Law of the Republic of Kazakhstan dated in March, 12, 2010, No. 253-IV, [ER]. Access mode: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000253_
- 5 About the Marriage (Matrimony) and Family. The Code of the Republic of Kazakhstan dated in December, 26, 2011 No. 518-IV, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- 6 Zhumzhumina A. *Aruzhan Sain against the ban of adoption of the Kazakhstan orphans by the foreigners*, [ER]. Access mode: http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/arujan-sain-protiv-zapreta-usynovlenie-kazahstanskih-sirot-250847
- 7 Speech of the General Prosecutor Askhat Daulbaev at the meeting of the General Prosecutor's Office on the adoption of orphans and children left without the parental care (Astana, February, 21, 2014), [ER]. Access mode: <http://prokuror.gov.kz/kaz/baspasoz/akparaty/bas-prokuror-ashat-daulbaev-tyn-zhetim-balalardy-zhne-ata-analarynyn-kamkorlygysyz>
- 8 The couple in the United States is convicted of child abuse from Kazakhstan, [ER]. Access mode: <http://www.nur.kz/282920.html>
- 9 Michael Douglas' ex-wife showed the adopted in Kazakhstan girl, [ER]. Access mode: <http://www.zakon.kz/4483343-jeks-spruga-majjla-duglasa-pokazala.html>
- 10 Message by the President of the Republic of Kazakhstan, Leader of the Nation, N. Nazarbayev «Strategy Kazakhstan – 2050»: the New Political Course of the Established State», [ER]. Access mode: http://www.akorda.kz/kz/category/gos_programmi_razvitiya
- 11 The Foreign Policy Concept for 2014–2020 of the Republic of Kazakhstan approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated in January, 21, 2014 № 741, [ER]. Access mode: <http://www.mfa.kz/index.php/ru/vneshnyaya-politika/kontsepsiya-vneshnoj-politiki-rk-na-2014-2020-gg>
- 12 About the ratifications of the Convention on the Rights of the Child Decree of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan in July, 8, 1994, [ER]. Access mode: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_
- 13 Government hour in the Majilis: about the implementation of the concept of the foreign policy of Kazakhstan for 2014–2020. Astana, February, 16, the House of the Majilis, [ER]. Access mode: <http://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id24080/1/1>